

мәдениеттің дамуы елді мекендерде мектептер мен мәдениет ошақтарының пайда болуы сауатсыздықты жоюдағы үлкен бір шешім болды. Мектептерде білімнің дамуы қанша қиын жағдайда болсын оқушыларға қазақ балдарына сауатын ашуын тоқтатпады. Себебі қазақ даласында индустрияның және экономиканы дамыту үшін сауатсыздықты жою керек болды. Сол себепті тек Жамбыл облысы ғана емес бүкіл қазақ өлкесін дамыту басты мәселеге айналды. Соғыс жылдары мәдениеттің дамуы аса маңызды рөл атқарды. Соғыс жылдары облыстық театрлардың өмірі қызу шығармашылық қызметпен ерекшеленді. Облыста жасөспірімдер театры, қуыршықтар театры және жекелеген аудандардың партия комитеттерінің инициативасымен құрылған мәдени бригадалар мүшелерінің күшімен ұйымдастырылған шағын театрлар халыққа қызмет көрсетті. Соғыстың азабын көрсетпедің басты шешімі осы болды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 К. Рыспаев. Жамбыл обл. – Тараз: Сенім, 2006. – 408 бет
- 2 Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945жж). Ғылыми-көпшілік басылым/ Қойгелдиев М.Қ., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Мырзатаева З.Б., Бисенбаева Л.А., Белоус С.Г., Болатхан А./ Бас редакторы М.Қ. Қойгелдиев. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. - 584 бет
- 3 Коммунист газеті, 1941 жыл. 29 тамыз. 27-бет
- 4 Валентин Трофимович Федотовтан сұхбат 7.12.2014ж 25 бет
- 5 Жангуттин Б.О. Город военного времени в Казахстане 2009 жыл 44 бет
- 6 Рысдәулет М. Жамбыл облысы 75 жылнама – шежіре. А., 2014. – 408 б.
- 7 Бекмұратов, Мерецкий колхозының председателі. Кировшы 1942 жыл 1 март 24 бет

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Уразахан А.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Садыкова А.К.
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті
asemakaznpu@mail.ru

1941 жылғы 22 маусымнан бастап барлық совет қоғамы сияқты Жамбыл облысының өмірінде де жаңа кезең - неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан кезеңі басталды.

«Соғыс!!!» деген суық хабар сол күні және сол сәтте-ақ облыс орталығынан бастап барлық аудан және ауылдарға жетіп, қоғамда бір жағынан үрей, қорқыныш сезімін тудырса, екінші жағынан адамдардың санасында фашист басқыншыларына деген ашу-ыза отын жақты.

Соғыстың бірінші күні Жамбыл қаласындағы Атшабар базарында (қазіргі Төле би және Абай көшелерінің қиылысындағы алаң) қала тұрғындарының митингісі ұйымдастырылды. Митингіде сөз алған паровоз депосының ұстасы Трунов, қалалық партия комитетінің хатшысы Павликов және басқалар «Гитлерлік басқыншыларға лағынет айтып, жауға аямай соққы беру үшін бар мүмкіндікті іске қосамыз. Фашизмді жоюға қолымызға қару алып аттанамыз. Ленин партиясының төңірегіне бір адамдай топтасамыз», - деген қаулы алуды ұсынып, ол ұсыныстары қабылданады [1,37-б].

Жамбыл қаласының өндіріс орындары және байланыс мекемелері жұмысшыларының митингісіне «Қызыл армияға жауды жеңу үшін еселеп көмек көрсетеміз. Майдан үшін, жеңіс үшін барлық мүмкіндікті аямаймыз!» деген қаулы алынып, нақты міндеттер белгіленді. Митингіге қатысқан адамдардың бір тобы қалалық әскери комиссариатқа барып өздерін әскер қатарына алып, майдан шебіне жіберуді өтінген арыздарын тапсырды. Соғыстың алғашқы күні-ақ қалалық әскери комиссариатқа осындай мазмұндағы 78 арыз түсті.

Осы мазмұндағы митингілер облыстағы аудан орталықтарында, ауыл-селоларда болып өтті. Мәселен, Жамбыл ауданының Жамбыл МТС-ында өткен митингіде қабылданған қаулыда: «...Мұнай жауапты жағдайда партияның үндеуіне қажырлы еңбекпен жауап береміз, ешқандай қиындықпен санаспай бітік өскен егінді ысырапсыз жинап алып Қызыл Армияға жібереміз. Партиямыз бен Отанымыздың шақыруына әр қайсымыз қолымызға қару алып, совет танкистерінің қатарында жауға соққы беруге әзір екендігімізді мәлімдейміз», - деген ұстаным білдірілді.

Ал Шу ауданының әскери комиссариатына соғыстың алғашқы күндерінде-ақ аудан тұрғындарынан майданға алуға өтініш білдірген 58 арыз түскен. Бұл сол бір күндердегі облыстағы барлық аудандардың өміріне тән көрініс еді [1,38-б].

Соғыстың алғашқы бастап-ақ елдегі идеологиялық жұмыста жетекші рөл, әрине, партия ұйымдарында 6150 партия мүшелері мен кандидаттары 416 бастауыш партия ұйымдарының құрамында тіркеуде тұрды. Идеологиялық жұмысқа сондай-ақ 750 бастауыш комсомол ұйымдары құрамындағы (барлығы - 19870 адам) комсомол мүшелері де тартылды.

Міне осы партия және комсомол мүшелері арасынан идеологиялық жұмыс жүргізуге белгіленген адамдар елге төнген қауіп-қатердің зор екендігін, сондай-ақ жауға қарсы барлық материалдық және рухани ресурстарды жұмылдыру қажеттігін түсіндіруге күш салды.

Осы жылдың 5 шілдесінде облыстық партия комитетінің бюросы «Қалалық және аудандық партия комитеттерінің жұмысын соғыс жағдайына қайта құру» туралы мәселе қарап, нақты шаралар белгіледі. Ал облыстық партия және атқару комитеттерінің біріккен мәжілісі Түркістан-Сібір темір жолының 6 бөлімшесінің, оның Жамбыл, Луговой, Шу және Отар станцияларының жұмысын соғыс жағдайына бейімдеу туралы қаулы қабылдады.

Облыстық партия комитеті облыс халқының барлық күшін 1941 жылдың астық, мақта, овощ жинау маусымын мерзімінде ысырапсыз аяқтау, сондай-ақ 1942 жылғы егіс көлемін ұлғайту ісіне баса назар аударды. Яғни Советтер Одағының неміс басқыншылары басып алған аудандар беретін астық көлемін ендігі уақытта Қазақстан сияқты республикаларда егіс көлемін ұлғайту есебінен толықтыру міндеті тұрады. Партия ұйымдары жүргізген идеологиялық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі осы тақырыпты қамтуға тиіс болды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ үкімет пен партияның қолға алған негізгі мәселесі, әрине, экономиканы соғыс жағдайына бейімдеу болды. Бұл мақсатқа жетуде партия ұйымдастырған идеологиялық жұмысқа үлкен міндет жүктелді. Жергілікті партия ұйымдарына облыстағы еңбек ұжымдарының саяси және еңбек белсенділігін қолдау және бағыттау ісі тапсырылды. Соған байланысты партия ұйымдарының жұмыс әдісі мен стиліне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Олар бүкіл саясатқа, шаруашылыққа және мәдениетке қатысты жұмыстарды соғыс, майдан қажеттілігіне тез арада бейімдеу ісін ұйымдастыратын және басқаратын штабқа айналды. Ал партия ұйымдарының бұқаралық үгіт-насихат шаралары міндетті түрде өндірістің күнделікті өмірімен тығыз байланыста жүргізілуге тиіс болды.

Соғыс басталған бетте өндіріс орындарының алдына қойылған негізгі мәселе майданға алынған ер-азаматтарының орнын жұмыс күшімен толықтыру еді. Соған байланысты ел көлемінде әйелдер мен қыздардан мамандар дайындау ісі қолға алынды. Жамбыл қаласы мен аудандарда әйелдер мен қыздардан мамандар даярлайтын курстар ұйымдастырылды. Тек 1941 жылдың 15 тамызында ғана Жамбыл қаласының мекемелері мен өндіріс орындарында 930 әйелдер мен қыздар сол уақытқа дейін ер адамдардың кәсібі саналған мамандықтар бойынша курстарға оқуға тартылды.

Аудан орталықтарында, МТС, колхоз және совхоздарда әйелдер мен қыздардан комбайнер және трактористер, слесарь және токарлар даярлайтын курстар ашылды. Соның нәтижесінде, мәселен, Қордай ауданында алғашқы соғыс жылы-ақ әйелдерден 390, Мерке ауданында 240 механизатор кадрлар даярланды. Осы мезгілде облыс бойынша бес мыңнан аса қыз-келіншектер тракторист және комбайнер мамандықтарын алып шыққан.

1941 жылы 17 қыркүйекте КСРО Қорғаныс Комитеті «КСРО азаматтарын жаппай міндетті түрде әскер қызметіне дайындау туралы» қаулы қабылдап, соған байланысты облыста да нақты шаралар белгіленді. Тек Жамбыл қаласында ғана 28 жерде құрылған даярлық курстарынан 7138 адам әскери жаттығудан өтті. Құрылған 293 үйірмелерде әуе шабуылынан қорғану тәсіліне 23230 адам, әртүрлі әскери мамандыққа 13336 адам, оның ішінде 336 адам пулеметчиктер, ал 23 адам гранат лақтырушылар курсында жаттығудан өтті.

Осындай әскери даярлық курстары аудандарда да ұйымдастырылды. Мәселен, Луговой ауданында 36 әйелдер мен қыздар медбике даярлайтын курстан, 1676 әйелдер мен қыздар әуе шабуылынан қорғануды үйрететін курстан өткен.

Облыс бойынша әскери дайындықтың әр түрінен 62 047 адам өтсе, оның ішінде 2801 адам мерген, 426 адам пулеметчик, 29 мотоцикл жүргізуші, 10 адам радист, 21 адам телеграфист даярлығынан өткен [2, 396].

Идеологиялық жұмыстың мазмұны мен бағыттары қоғамдық өндірісті соғыс жағдайына бейімдеу тұрғыдан жүргізілді. Мәселен, оны еңбек ұжымдарында оқылған лекция тақырыптарынан байқауға болады: «Фашизм - адамзаттың ең рақымсыз жауы», «Фашизмнің Еуропа халықтарының езіп-жаншу және қанау саясаты», «Советтік тыл Қызыл Армияның тірегі», т.б.с.с.

Облыстық және аудандық газет материалдары да түгелдей дерлік майдан сұранысына бейімделді. Оны, мысалы, газеттерден берілген республикалардан байқауға болатын еді: «Жамбыл колхозшысы» танк колоннасын жасайық!», «Советтік Қазақстан» авиация құрамаларын жасайық», «Егін жинауды майдандағыша жедел, ысырапсыз өткізейік!» т.б.с.с. Сол сияқты газет беттерінде неміс басқыншыларының бет-бейнесін ашатын тақырыпқа материалдар үздіксіз жарияланып тұрды.

Соғыстың алғашқы жылы облыс еңбекшілерінің елдің ауыр жағдайын түсіністікпен қабылдап, үлкен белсенділікпен еңбек еткенін, соған байланысты жүргізілген идеологиялық жұмыстың нәтижелі болғандығын мынадай фактілерден байқауға болады. Облыстағы өндіріс орындары, транспорт мекемелері өз жоспарларын артығымен орындады. Атап айтқанда:

Жамбыл ет комбинаты - 122, 8%-ға,

Жөндеу механикалық зауыты - 100%-ға,

Нан комбинаты - 181 %-ға ,

Мемлекеттік типография - 112%

Қолөнеркәсіп шеберханалары - 135%

Жалпы алғанда аталған өндіріс орындары 8 миллион сомнан артық өнім өндірген.

Ер-азамат мамандарының майданға аттанып кеткендігіне қарамастан облыстағы ауылшаруашылық еңбекшілері күзгі астық және басқа техникалық егіс өнімдерін мерзімнен бұрын жинап алды. Егін даласындағы әрбір тракторға жоспардан тыс 78% артық жұмыс орындау жүкелді. 15 аттың күші бар тракторға әрбір 249 га шартты жер жырту жүктелді. Бұл 1940 жылғы нормамен салыстырғанда 22 га артық еді [3-406].

Осы ретте қоғамның рухани әлеміндегі мынадай бір жағдайға көңіл аудаған артық емес. Басқаша айтқанда соғыс басталғаннан кейінгі уақытта қоғамның көңіл-күйінде орындалған ерекшеліктерді ескерген жөн. 1936 жылы басында Сталин тұрған билік Советтер Одағында социалистік қоғамды құру процесінің аяқталғандығын мәлімдеді. Бұл іс жүзінде жеке адамға оны саяси тұрғыдан бүтіндей мемлекетке тәуелді еткен қоғамның құрылғандығын білдіретін жағдай еді. 1937-1938 жж. өзінің шарықтау шегіне жеткен репрессиялық шаралар жеке тұлғаға өз еркін білдіруге мүмкіндік беретін ешқандай да кеңістік қалдырған жоқ-тын. Сондықтан да қоғамның әрбір мүшесі мемлекет алдында оның саясаттағы ұстанымын тура түсінбей кінәлі болып қалудан үрейленді. Соған байланысты мемлекет атынан сөйлеген Бас Хатшы Сталиннен бастап барлық буындағы билік адамдарының айтқан нұсқаулары міндетті түрде орындалуға тиіс болды. Ал ол нұсқауларды орындай алмаған, немесе оларды орындауда қателіктер жіберіп алған адамның социалистік қоғамның «жауы» ретінде айыптала салуы әбден мүмкін еді.

Әрине, сонымен бірге қарапайым халықтың санасының түкпірінде совет мемлекеті тарапынан бұл соғыстың әділетті соғыс екендігін терең түсіну сезімі жатты. Еңбек адамына күндіз-түні қажымай-талмай жұмыс істеуге сүйеніш болған да осы сенім болатын. Қарапайым еңбек адамы өзінің еңбегін ел басына түскен қиын сәтте майданға алынған жарына, бауырына, баласына, тіптен ауылдас туысына, елінің азаматына жасаған қолдауы деп түсінді. Атқарған еңбегінің түптеп келгенде бүгін болмаса да ертең оңалатын елінің жағдайын жақындата түсетініне кәміл сенді.

Соғыс жылдарындағы тылдағы еңбек адамдарының өндірістегі ұстанымына баға бергенде міне осы қайшылықты жағдайдың ескерілгені жөн.

Сонымен бірге, соғыстың алғашқы сәтінен бастап идеологиялық аппарат халықтың санасында «біз жеңеміз, біздің ісіміз әділ!» деген сенім отын жаға білді. Осы арнада және мазмұнда жүрген үгіт-насихат жұмысының бүкіл қоғамды құшағына алған қарқыны мен қуаты жеке адамдарға билік тарапынан жіберілген түрлі қиянат, зорлықтарға қарсылық емес, тіптен күмән келтіруге мүмкіндік берген жоқ.

Советтік билік жүйесіне тән идеологиялық жұмыс барлық ерекшелектерімен соғыс жылдары біржола қалыптасты деп айтуға болады. Бұл тарихи кезеңде тоталитарлық билік өзінің бар бітім-болмысын, «артықшылықтары мен мүмкіндіктерін» тура осы идеология саласында толығымен ашып көрсетті. Басында И.Сталин тұрған билік бұйрық, тапсырма беруші, ал халық оны міндетті түрде асыра орындаушы рөлдерде болды [4-1196].

Біз осы уақытқа дейін басым түрде соғыстың негізгі нәтижесі - жеңісті малданып, ал оның біздің халық үшін қандай шығынмен келгендігі жөнінде ойлануға бара алмадық. Советтік билік тұсында ондай мүмкіндік берілген жоқ, ал жана жағдайда соғысқа қатынасқан немесе тылда соғыс қажетіне еңбек еткен аға ұрпақтың көңіліне қарадық, олардың советтік идеология арнасында қалыптасқан сеніміне шек келтіруден қаймықтық. Бұған қосымша тарих ғылымы да бұл мәселеде толық түрде советтік ұстанымда болды.

Дегенмен, қалай болғанда да тарих ғылымы нақты фактілік материалдарға сүйене отырып асыра сілтеусіз Отан тарихындағы соғыс (1941-1945 жж.) тақырыбына қатысты осы уақытқа дейін шешімін таппаған күрделі мәселелерге жауап іздеуге құқылы.

Советтік басшылықтың 20-30-шы жылдары қыстау және зорлау арқылы жүргізілген реформалық шараларына (ешқандай да даярлықсыз қазақ халқын отырықшы өмірге көшіру, бай және орта шаруа қожалықтарын конфискулеу, епетейсіз астық және ет салықтары, т.б.), жартысына жуығын жалмаған 1931-1933 жж. аштық, онымен қатар жүрген және соңын ала келген репрессия саясатына қарамастан қазақ халқы 1940-1945 жж. Ұлы отан советтік билікке адалдық танытты. Бұл дәлелдеуге мұқтаж емес ақиқат. Соған қарамастан қазақ халқы Совет үкіметінің сеніміне неге ие бола алмады? Соғысқа дейін советтік идеологиялық аппарат тарапынан көтерілген «қазақ ұлтшылдығы» туралы мәселе, соғыстан кейінгі кезеңдерде де бір емес, бірнеше мәрте қойылды [5, 67-6].

Бұл өткен советтік тарихымызға байланысты елеусіз қалдыра салатын жеңіл-желпі мәселе емес. Советтік тарих тұсында құрбан болған аға ұрпақты жадта сақтай отырып, сонымен бірге бұл сауалға байланысты тарихшы мамандардың беретін жауабы болуға тиіс.

Соғыс жылдарындағы идеологиялық жұмыстың пісіп-жетілген шағы 1943 жылға тұс келеді. Оны Жамбыл облысында осы салада жүргізілген жұмыстан байқау болады. Мәселен, 1943 жылы Қазақстан колхозшылары соғысты жеңіспен аяқтау үшін аянбай жұмыс істейтіндерін білдіріп И.Сталинге хат жолдады. Хат мәтіні облыстағы 349 колхозда өткен колхозшылар жиналыстарында талқылаудан өтіп, оған 57 717 адам қол қойды.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті 1943 жылы 24 шілдеде аталған хатқа байланысты арнайы қаулы қабылдап, осыған орай облыстық және аудандық партия комитеттерінің атқаратын міндеттерін белгілеп берді. Бұл қаулыда белгіленген міндеттерді орындауға байланысты шаралар тамыздың 1-10 күндері аралығында облыстағы барлық аудандық, сондай-ақ колхоз активінің қатынасуымен оның партия ұйымдары мен

басқарма отырыстарында қаралып, нақты шешімдер белгіленді. Ал тамыздың соңына дейін облыстағы колхоздарда ферма, бригада, звено, жеке колхозшылар деңгейінде алынған міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің анықтауға байланысты тексерулер жүрді. Бұл жұмысты Луговой, Қордай, Красногор, Шу аудандарында арнайы шығарылған құрамында облыстық партия комитетінің, облыстық атқару комитетінің және облыстық ауылшаруашылық бөлімінің жауапты қызметкерлері бар арнайы бригадалар атқарды.

20-23 тамыз күндері облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық үгіт және насихат бөлімінің меңгерушілерінің, облыстық баспа қызметкерлерінің қатысуымен Сталинге жолданған хатта белгіленген міндеттемелерді колхоздардың орындауында байланысты мәселені қараған кеңес өткізілді.

Осы атқарылған шаралардың жалғасы ретінде колхозшылардың арасында идеологиялық жұмысты күшейте түсу мақсатында тамыздың соңы және қыркүйектің алғашқы күндері екі күндік саяси шаралар (политдень) өткізілді [6456].

Алғашқы саяси күн Жамбыл ауданының колхоз, совхоз және МТС-да «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен облыс орталығынан Жамбыл ауданының колхоз, совхоз және МТС-на аттанған (облыстағы партия- совет активінен құралған) 27 баяндамашы «Ұлы Отан соғысының барысы және біздің міндеттеріміз деген тақырыпта баяндамалар оқыды. Баяндамашылардың бәрі де майдандағы оқиғаларға және халықаралық жағдайға, сондай-ақ Сталинге жазған хатта колхозшылар тарапынан алынған міндеттемелерге байланысты арнайы мұқият инструкциядан өткен кісілер болатын. Міне, осы күні аудан ұжымдарында 7724 адам қатынасқан 52 баяндама оқылды. Баяндаманың алдында міндетті түрде колхоз председателінің міндеттеменің орындалуы жөніндегі мәліметі мен баяндамашылардың қатысуымен аудан колхозшыларының алған міндеттемелерінің барысы тексерілді. Екінші саяси күн Свердлов және Луговой аудандарында өткізілді. Облыс орталығындағы партия - совет активінен құралған 34 баяндамашы «Ұлы Отан соғысының барысы және біздің міндеттеріміз» деген тақырыпта жасаған баяндамаларын астықты жинауды және өткізуді аяқтауға арналған майдан жексембілігімен байланыстырды. Өткізілген жиналыстар оған қатынасқан кісілердің саяси және өндірістік белсенділігінің арта түсуіне ықпал жасауға тиіс болды. Осы күндері, мәселен, Луговой ауданының «Ынтымақ», «Терең өзек», «Шолақ Қайыңды», «Өркен» сияқты шаруашылық ұжымдары мемлекетке астық еткізу жоспарын толығымен орындап шықты. Осы ауданның «Восток» колхозы осы саяси шара күні қызыл керуен ұйымдастырып, мемлекетке 1200 пұт астық өткізді.

Көңіл аударуға лайық тағы бір нәрсе, егін орағы күндері облыс колхоздарында құрамында әртістер, әншілер, ақындар, көркемсөз шеберлері бар 8 үгіт бригадалары жұмыс ұжымдарын аралап концерттер қойып, еңбекшілерді ынталы еңбекке қанаттандырды.

Егіс орағына байланысты облыстағы еңбек ұжымдарында қазақ мемлекеттік филормониясы мен облыстық қазақ драма театры да болып қайтты.

Егіс орағына даярлық және орақ кезінде аудандар мен колхоздарға жеткізілетін мерзімді басылымдардың тираж саны арта түсті. Мәселен, осы кезеңде аудандарға:

Орталық газеттердің 542 данасы;

Республикалық газеттердің 4429 данасы;

Облыстық қазақ және орыс тіліндегі газеттердің 5502 данасы жеткізіліп тұрған. Бұдан тыс облыстағы 8 ауданда шығарылатын газеттердің тиражы 14 229 экз. көлемінде болған [7-616].

1943 жылдың басында облыстағы халық арасында насихат жұмысын жүргізген үгітшілердің саны 4179-ға жетті. Олардың 802-і қалада, ал 3372-сі колхоздарда, совхоздарда және өнеркәсіп орындарында жұмыс жүргізді. 538 үгітшілер ұжымына біріктірілген үгітшілердің құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталады: коммунистері - 1852, комсомол мүшелері - 1719, партияда жоқтары - 804, ерлері - 2082, әйел адамдар - 2092.

Осы жылдың 6-8 қаңтар күндері ҚК(б)П облыстық комитеті шақырған үгіт, насихат және газет қызметкерлерінің облыстық кеңесі өткізіліп, онда облыстық партия комитетінің

идеологиялық жұмыс бойынша хатшысы К. Үшаяқов сөз сөйлеп, идеологиялық жұмыс бойынша Ташкентте болып өткен республикалараралық кеңестің қорытындылары жөнінде айтты. Сонымен бірге кеңесте мынадай мәселелер бойынша семинар өткізілді:

1. Облыстағы колхоз, совхоз, МТС-да көктемгі егіске байланысты саяси үгіт жұмысының міндеттері.

2. Халықаралық жағдай.

3. Отан соғысы тұсындағы әйелдердің рөлі.

4. Көктемгі егіс тұсындағы агротехника жөнінде.

5. Колхоздардағы өндірісті ұйымдастыру жөнінде.

Колхоздардағы үгітшілердің саяси деңгейін көтеру мақсатында сәуір айында ҚК(б)П ОК ұсынған бағдарлама бойынша колхоз партия ұйымдарында колхозаралық семинарлар (кустовые) өткізілді.

Облыстағы идеологиялық жұмыстың, бағыт-бағдарын анықтауға арналған кеңес осы жылдың 20-23 тамыз аралығында да өткізілді.

Міне, бұл келтірілген фактілік материалдар облыста жүргізілген идеологиялық жұмыстың ауқымы мен қарқынынан біршама жақсы мәлімет береді деп айтуға болады. Басқаша айтқанда, соғыс жылдары бүкіл қоғамды, оның барлық әлеуметтік топтарын құшағына алған идеологиялық жұмыс бұрынды-соңды болмаған деңгейге көтерілді, сондай-ақ ол сол тарихи жағдайдағы сұранысқа лайық мазмұнда жүргізіліп, айтарлықтай нәтижелі болды.

Осы ретте соғыс жағдайында бүтін советтік қоғамындағыдай Жамбыл облысында да партия, оның жергілікті органдары елдегі шаруашылықты ұйымдастыру және жүргізу ісінде негізгі күшке, басқару тетігіне айналғандығын атап айтқан жөн. Партия әсіресе тыл жұмысындағы қоғамның алдында тұрған күнделікті міндеттерді белгілеуші және сол міндеттерге қол жеткізудің әдіс-құралдарын анықтаушы да қызметті алып жүрді. Бұл міндеттердің, әрине, соғыс жағдайындағы қажеттіліктен туғандығын мойындай отырып, сонымен бірге партияның қоғамды басқару ісінде белгілі дәрежеде заң және мәжбүрлеу органдарымен тұтасып кеткендігін, саяси-идеологиялық ұйым ретінде оның бастапқы табиғи функцияларынан біржола ұзап кеткендігіне назар аударуға тура келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945жж).

2 Ғылыми-көпшілік басылым/Қойгелдиев М.Қ., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Мырзатаева З.Б., Бисенбаева Л.А., Белоус С.Г., Болатхан А./ Бас редакторы М.Қ. Қойгелдиев.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2015.-584 бет

3 Коммунист, 1943, 10 январь, №8 (978); №ЖОММ, 282-қор, 1-тізбе, 430-іс, 34-35 пп.

4 История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. М.-А., 1943.

5 Кировшы, №23 (175), 1944, 17 маусым.

6 Жабағиев Қ., Жұман Г., Қойгелдиев М. Шу өңірінің тарихы. XX ғ., - XXI ғ. Бас кезі. Алматы, 2010 ж. - 253-254-бб.

7 Рысдәулет М. Жамбыл облысы - 75. Жылнама-шежіре. - Алматы: Таймас, 2014. -43-б.